

2026. 13 (2)

# Asian Journal

## "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2026  
© Авторлар ұжымы, 2026

### БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

### РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

**Әлімбаев Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

**Жаркен Айгүл Мәлікқызы** — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

**Сабурова Татьяна** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Мунинов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**Томохико Уяма** — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

**Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

### ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

### ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

### ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Бурханов Бимурад Бадритдинұлы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Копеева Сания Жуматайқызы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история, этнология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026  
© Коллектив авторов, 2026

### ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

**Жаркен Айгуль Маликовна** — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Сабурова Татьяна** — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**Томохико Уяма** — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

**Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

### ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

### НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

### ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Бурханов Бимурад Бадритдинович** — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2026  
© Group of authors, 2026

#### EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

#### EDITORIAL BOARD

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Azimqulov Javohir** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Ian W. Campbell** — PhD, Professor at the University of California (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

**Kriege Viktor** — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Ohayon Isabelle** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

**Outram Alan** — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Saburova Tatiana** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Tomohiko Uyama** — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

**Zharken Aigul** — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

#### EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

#### ACADEMIC EDITOR

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

#### TECHNICAL SECRETARY

**Burkhanov Bimurad Badritdinovich** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan  
Asian Journal “Steppe Panorama”  
Has been issued as a journal since 2014  
ISSN 2710-3994.  
Vol. 13. Is. 1, pp. 210-223, 2026  
Journal homepage: <https://ajspiie.com>


FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2026\\_13\\_1\\_211-224](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_1_211-224)

## SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF ELDES OMAROV DURING THE YEARS OF CIVIL CONFRONTATION (1917–1919)

*Elmira Nurpeissova*<sup>1\*</sup>, *Yerkin Abil*<sup>2</sup>, *Rauan Baydaly*<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University  
(47, A. Baitursynov Str., 110000 Kostanay, Republic of Kazakhstan)  
Master of History, Senior Lecturer at the Department of History of Kazakhstan  
 <https://orcid.org/0000-0003-1894-2349>. E-mail: [elmira.tylegen@gmail.com](mailto:elmira.tylegen@gmail.com)  
\*Correspondent author

<sup>2</sup>Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan,  
(The House of Parliament, 2, Mangilik Yel Str., 010000 Astana, Republic of Kazakhstan)  
Deputy, doctor of historical sciences, professor  
 <https://orcid.org/0000-0001-8722-3992>. E-mail: [yerkinabil@gmail.com](mailto:yerkinabil@gmail.com)

<sup>3</sup>Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University  
(47, A. Baitursynov Str., 110000 Kostanay, Republic of Kazakhstan).  
PhD, Head of the Department of History of Kazakhstan  
 <https://orcid.org/0009-0003-7122-7552>. E-mail: [bajdaly.rzh@ksu.edu.kz](mailto:bajdaly.rzh@ksu.edu.kz)

© Valikhanov IHE, 2026

© Nurpeissova E.T., Baydaly R.Zh., Abil Y.A., 2026

**Abstract.** *Introduction.* The article examines the socio-political activity of Yeldes Omarov during the period of Civil Confrontation in Kazakhstan (1917–1920), one of the active figures of the Alash movement and representatives of the Kazakh national intelligentsia of the early twentieth century. The relevance of the study is determined by the need to reconsider the role of regional leaders of the Alashorda in the context of the collapse of imperial and provisional state structures, as well as by the insufficient coverage in national historiography of Yeldes Omarov’s practical administrative and political-legal activities. *Goals and objectives.* The main purpose of the study is to identify the content, directions, and specific features of Yeldes Omarov’s socio-political activity during the years of civil confrontation. The objectives of the article include analyzing his participation in congresses, county zemstvo bodies, and Alashorda structures, as well as examining his position on taxation, military organization, and interaction with the All-Russian Provisional and Siberian governments. *Results.* Based on archival materials and normative legal acts, it has been established that Yeldes Omarov acted not only as a political representative of the Alashorda but also as an administrator who sought to legitimize the activities of national governing bodies within the existing legal framework. It is shown that his work in the zemstvo administration was aimed at maintaining governance at the county level, ensuring financial support for local Alashorda institutions, and defending the idea of territorial autonomy. *Conclusion.* The socio-political activity of Yeldes Omarov during the period of civil confrontation was pragmatic and rights-oriented, reflecting an attempt to adapt the national


movement to rapidly changing political conditions. The study уточняет Yeldes Omarov’s place in the history of the Alash movement and expands understanding of the regional dimension of the national liberation process of the early twentieth century.

**Keywords:** Eldes Omarov, civil confrontation, Alashorda, Torgai, zemstvo, congress, commissioner  
**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Higher Education and Science of the Republic of Kazakhstan "Interdisciplinary study of regional aspects of the History of Kazakhstan (based on new archival materials and folklore works)" (registration number BR28512385).


**For citation:** Nurpeissova E.T., Abil Y.A., Baydaly R.Zh. Socio-political activity of Eldes Omarov during the years of civil confrontation// Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 1. Pp. 210-224. [In Kaz.]. DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_211-224


## ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1917–1919 жж.)

Эльмира Тулегеновна Нурпеисова<sup>1</sup>\*, Еркін Аманжолұлы Әбіл<sup>2</sup>, Рауан Жомартұлы Байдалы<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті  
 (47-үй, А. Байтұрсынов көш., 110000 Қостанай, Қазақстан Республикасы)  
 Тарих магистрі, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы  
 <https://orcid.org/0000-0003-1894-2349>. E-mail: elmira.tylegen@gmail.com

\*Автор-корреспондент

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі  
 (Парламент Мәжілісінің Үйі, 2-үй, Мәңгілік Ел көш., 010000 Астана, Қазақстан Республикасы)  
 Депутат, тарих ғылымдарының докторы, профессор  
 <https://orcid.org/0000-0001-8722-3992>. E-mail: yerkinabil@gmail.com

<sup>3</sup>Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті  
 (47-үй, А. Байтұрсынов көш., 110000 Қостанай, Қазақстан Республикасы)  
 PhD, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі  
 <https://orcid.org/0009-0003-7122-7552>. E-mail: bajdaly.rzh@ksu.edu.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Әбіл Е.А., 2026

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ ұлттық интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің бірі, Алаш қозғалысының белсенді қайраткері Елдес Омаровтың Қазақстандағы азаматтық қарсыласу кезеңіндегі (1917–1919 жж.) қоғамдық-саяси қызметі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі империялық және уақытша мемлекеттік құрылымдардың ыдырауы жағдайында Алашорда қайраткерлерінің, соның ішінде өңірлік деңгейдегі көшбасшылардың рөлін қайта пайымдау қажеттілігімен, сондай-ақ отандық тарихнамада Елдес Омаровтың қоғамдық және саяси қызметінің жеткілікті деңгейде зерттелмегендігімен айқындалады. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің негізгі мақсаты – азаматтық қарсыласу жылдарындағы Елдес Омаровтың қоғамдық-саяси қызметінің мазмұнын, бағыттары мен ерекшеліктерін айқындау. Мақала міндеттеріне оның съездер жұмысына, уездік земство органдары мен Алашорда құрылымдарына қатысуын талдау, салық саясаты, әскери құрылыс мәселелері және Бүкілресейлік Уақытша және Сібір үкіметтерімен өзара қарым-қатынасына қатысты ұстанымын қарастыру кіреді. *Нәтижелері.* Архивтік деректер мен нормативтік-құқықтық актілер негізінде Елдес Омаровтың Алашорда атынан әрекет еткен саяси өкіл ғана емес, сонымен қатар ұлттық басқару органдарының қызметін қолданыстағы құқықтық кеңістік аясында заңдастыруға ұмтылған мемлекеттік қызметкер

болғаны анықталды. Оның земство басқармасындағы қызметі уездік деңгейде басқару тұрақтылығын сақтауға, Алашорданың жергілікті органдарын қаржылық қамтамасыз етуге және аумақтық автономия идеясын қорғауға бағытталғаны көрсетілді. *Қорытынды.* Елдес Омаровтың азаматтық қарсыласу жылдарындағы қоғамдық-саяси қызметі прагматикалық әрі құқықтық сипатта болып, ұлттық қозғалыстың тез өзгерген саяси жағдайларға бейімделу талпынысын айқындайды. Зерттеу Елдес Омаровтың Алаш қозғалысы тарихындағы орнын нақтылауға және XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық үдерістің өңірлік қырын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.


**Түйін сөздер:** Елдес Омаров, азаматтық қарсыласу, Алашорда, Торғай, земство, съезд, комиссар

**Алғыс айту.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстан тарихының өңірлік аспектілерін пәнаралық зерттеу (жаңа архив материалдары мен фольклор шығармалары негізінде)» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (тіркеу нөмірі: BR28512385) аясында дайындалды.


**Дәйексөз үшін:** Нурпеисова Э.Т., Әбіл Е.А., Байдалы Р.Ж. Елдес Омаровтың азаматтық қарсыласу жылдарындағы қоғамдық-саяси қызметі // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. 210-224 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_211-224


## ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА В ГОДЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (1917–1919 гг.)

*Эльмира Тулегеновна Нурпеисова<sup>1\*</sup>, Еркін Аманжолович Абиль<sup>2</sup>, Рауан Жомартұлы Байдалы<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы  
(д. 47, ул. А. Байтұрсынова, 110000 Костанай, Республика Казахстан)  
Магистр истории, старший преподаватель кафедры истории Казахстана  
 <https://orcid.org/0000-0003-1894-2349>. E-mail: elmira.tylegen@gmail.com

\*Автор-корреспондент

<sup>2</sup>Мажилис Парламента Республики Казахстан  
(Дом Мажилиса Парламента, д. 2, Мангилик Ел, 010000 Астана, Республика Казахстан)  
Депутат, доктор исторических наук, профессор  
 <https://orcid.org/0000-0001-8722-3992>. E-mail: yerkinabil@gmail.com

<sup>3</sup>Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы  
(д. 47, ул. А. Байтұрсынова, 110000 Костанай, Республика Казахстан)  
PhD, заведующий кафедрой истории Казахстана  
 <https://orcid.org/0009-0003-7122-7552>. E-mail: bajdaly.rzh@ksu.edu.kz

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Абиль Е.А., 2026

**Аннотация.** *Введение.* В статье рассматривается общественно-политическая деятельность Елдеса Омарова в период Гражданского противостояния в Казахстане (1917–1920 гг.) – одного из активных деятелей Алашского движения и представителей казахской национальной интеллигенции начала XX века. Актуальность исследования обусловлена необходимостью переосмысления роли региональных лидеров Алашорды в условиях распада имперских и временных государственных структур, а также недостаточной изученностью в отечественной историографии практической административной и политико-правовой деятельности Елдеса Омарова. *Цели и задачи.* Основная цель исследования – выявление содержания, направлений и особенностей общественно-политической деятельности Елдеса Омарова в годы гражданского

противостояния. В задачи статьи входит анализ его участия в работе съездов, уездных земских органов и структур Алашорды, рассмотрение его позиции по вопросам налогообложения, военного строительства и взаимодействия с Всероссийским Временным и Сибирским правительствами. *Результаты.* На основе архивных материалов и нормативных актов установлено, что Елдес Омаров выступал не только как политический представитель Алашорды, но и как администратор, стремившийся легитимировать деятельность национальных органов управления через действующее правовое поле. Показано, что его деятельность в земской управе была направлена на сохранение управляемости на уездном уровне, финансовое обеспечение местных органов Алашорды и защиту идеи территориальной автономии. *Заключение.* Общественно-политическая деятельность Елдеса Омарова в годы гражданского противостояния носила прагматичный и правозащитный характер и отражала попытку адаптации национального движения к быстро меняющимся политическим условиям. Исследование позволяет уточнить место Елдеса Омарова в истории Алашского движения и расширяет представления о региональном измерении национально-освободительного процесса начала XX века.

**Ключевые слова:** Елдес Омаров, гражданское противостояние, Алашорда, Торғай, земство, съезд, комиссар

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации научного проекта «Междисциплинарное исследование региональных аспектов истории Казахстана (на основе новых архивных материалов и фольклорных произведений)» при финансовой поддержке Комитета науки МНВО РК (регистрационный номер BR28512385).

**Для цитирования:** Нурпеисова Э.Т., Абиль Е.А., Байдалы Р.Ж. Общественно-политическая деятельность Елдеса Омарова в годы гражданского противостояния // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. С. 210-224. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_211-224

## Кіріспе

Қазақстандағы азаматтық қарсыласу жылдары (1917–1919 жж.) саяси жүйенің түбегейлі күйреуімен, билік институттарының дағдарысқа ұшырауымен және жергілікті деңгейде балама басқару құрылымдарының қалыптасуымен ерекшеленді. Осы кезеңде ұлттық автономия мен өзін-өзі басқару идеяларын жаңа саяси жағдайда іске асыруға ұмтылған қазақ ұлттық интеллигенциясы өкілдерінің рөлі айрықша болды.

Осы тұрғыда XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлері мен қазақ басқарушы элитасының, ғылыми және шығармашылық интеллигенция өкілдерінің бірі Елдес Омаровтың 1917–1919 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі зерттелді. Елдес Омаровтың қоғамдық-саяси қызметі ғылыми тұрғыдан маңызды мәселе болып табылады. Оның Қостанай уезіндегі қызметі азаматтық қарсыласу кезеңіне тән Алашорда, земство мекемелері және Бүкілресейлік Уақытша әрі Сібір үкіметтері өкілдері арасындағы билік қайшылықтарын айқын көрсетеді. Зерттеудің өзектілігі кеңестік тарихнамада Алаш қозғалысы қызметінің біржақты, идеологиялық тұрғыдан бағалануымен, ал посткеңестік кезеңде өңірлік деңгейдегі қайраткерлердің қоғамдық және саяси-құқықтық қызметінің жеткілікті деңгейде зерттелмегендігімен айқындалады. Осыған байланысты архивтік деректерге сүйене отырып, Елдес Омаровтың қызметін кешенді талдау қажеттілігі туындайды. Зерттеудің мақсаты аталған тұлғаның Минскідегі земство одағының хатшысы қызметін, 1918–1919 жылдары Алашорданың Қостанай уезіндегі комиссары қызметін, Уақытша үкіметтің Торғай уездік комиссарының көмекшісі, Торғай облыстық земство төрағасының орынбасары қызметтерін қарастыру. Осылайша, Елдес Омаровтың азаматтық қарсыласу жылдарындағы қызметін зерттеу Алаш қозғалысының өңірлік қырларын нақтылауға және XX ғасыр басындағы ұлттық өзін-өзі басқару ұмтылысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

## Материалдар мен әдістер

Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің Елдес Омаровтың жеке Ісін қамтитын Р-95 қор (ҚРОМА, Алматы, ҚР), Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивінің уақытша Сібір үкіметінің циркулярлары мен үкіметпен жүргізілген хат алмасу құжаттарын қамтитын Р-1701 қор (РФМА, Мәскеу, РФ) және Қостанай облысының мемлекеттік архивінің Қостанай уездік земство басқармасының құжаттарын қамтитын Р-654 және Р-1049 (ҚОМА, Қостанай, ҚР) қорлары құрады.

Көтеріліп отырған мәселенің тарихнамасын талдауда бірқатар тарихнамалық деректер, соның ішінде М. Қойгелдиевтың (Қойгелдиев, 1995, 2008, 2022), К. Нұрпейісовтің (Нұрпейісов, 1995), Д. Қамзабекұлының (Тілешов, Қамзабекұлы, 2008), И. Терновойдың (Терновой, 2007), Д. Аманжолованың (Аманжолова, 1993), Ф. Әнестің (Әнес, Замзаева, 2023), Т. Уяманың (Уяма, 2000) еңбектері, С. Жүсіптің (Жүсіп, 2007), Г. Тастекованың (Тастекова, 2023), Э. Нурпеисованың (Нурпеисова, 2023) ғылыми мақалалары және де Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұжымдық монографиялары деректік базасын құрады.

Мәселені толыққанды зерттеу мақсатында деректанулық және тарихнамалық анализ бен синтез, контент талдау, мазмұндық талдау, жүйелеу кеңінен пайдаланылды. Тарихилық, шынайылық және әлеуметтік тәрізді жалпы әдіснамалық қағидалары және әмбебап зерттеу бағыттары архив қорларын және жеке тектік қор құжаттарын алдын-ала анықтауға және соның негізінде зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді.

### **Талқылау**

Кеңестік кезеңдегі тарихнамада Алаш қозғалысы мен оның қайраткерлерінің қызметі таптық-идеологиялық ұстаным тұрғысынан біржақты бағаланып, ұлттық автономия идеясы «буржуазиялық ұлтшылдық» ретінде сипатталды. Бұл еңбектерде Алаш қайраткерлерінің нақты әкімшілік және саяси-құқықтық қызметі, әсіресе өңірлік деңгейдегі тәжірибесі елеусіз қалды. Елдес Омаров сияқты тұлғалар кеңестік зерттеулерде көбіне эпизодтық түрде ғана аталып өтті.

Тәуелсіздік жылдарында отандық тарихнамада ХХ ғасыр басындағы Қазақстан тарихын, Алаш қозғалысының қалыптасуы мен дамуын жаңаша пайымдауға мүмкіндік туды. Бұл бағытта М. Қозыбаев, К. Нұрпейісұлы, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, Х. Әбжанов, Т. Жұртбай, Б. Аяған, Д. Аманжолова, Т. Хазретәлі, М. Құлмұхамед, Д. Қамзабекұлы, Сұлтан-Хан Аққұлы, З. Дүкенбаева, С. Смағұлова және басқа да зерттеушілердің еңбектері Алаш қозғалысының саяси, құқықтық және идеялық қырларын кешенді түрде ашып көрсетті. Аталған зерттеулерде Алаш көшбасшыларының тарихи рөліне объективті баға беріліп, ұлттық мемлекеттілік жолындағы күресінің маңызы айқындалды.

Сонымен қатар қазіргі зерттеулерде негізінен Алаш қозғалысының орталық тұлғаларына басымдық беріліп, уездік және өңірлік деңгейде қызмет атқарған қайраткерлердің, соның ішінде Елдес Омаровтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі арнайы зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Ал архивтік деректер оның Алашорда мен земство институттары арасындағы өзара қатынастарды үйлестіруге, алым-салық жинау, әскери құрылымдарды материалдық қамтамасыз ету және жергілікті басқару тұрақтылығын сақтауға бағытталған нақты іс-әрекеттерін айқын көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Елдес Омаровтың қызметін азаматтық қарсыласу кезеңіндегі ұлттық қозғалыстың өңірлік деңгейдегі көрінісі ретінде қарастыру маңызды. Оның қоғамдық-саяси қызметі Алаш қозғалысының тек идеялық емес, сонымен бірге практикалық басқару тәжірибесін де қамтығанын дәлелдейді. Бұл мәселе алаштану ғылымында әлі де терең талдауды қажет ететін өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

### **Нәтижелер**

Елдес Омаров қазіргі Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданына қарасты Белинский ауылында (бұрынғы Қостанай уезі, Дамбар болысы, Қожай ауылы) дүниеге келген. Туған күні

туралы деректер әртүрлі: өз қолымен жазған жазбаларында 29 ақпан деп көрсетілсе, басқа құжаттарда 1892 жылдың 1 наурызы деп жазылған. Елдес қарапайым шаруа отбасында өсті. Оның әкесі Омар бай болмаса да, Тобыл жағалауында малға және кең жайылымдарға иелік еткен. Отбасында төрт бала болды: үш ұл және бір қыз. Үлкен ұлдары Елдес пен Ескендір қуғын-сүргінге ұшырады. Кіші ұлы Әбдеш 1948 жылы науқастан қайтыс болса, қызы Марияш ұзақ ғұмыр кешіп, 1990 жылы дүниеден өтті. Елдес алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашып, кейін 1907 жылы Қостанайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін үздік аяқтады. Осы училищені бітіргеннен кейін мекеме меңгерушісінің 1907 жылғы № 335 өтініші негізінде Орынбордағы қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебіне оқуға түсті. Бұл оқу орнында Елдес 4 жыл білім алып, 1911 жылы тәмамдады (Нурпеисова, 2023: 747)

1911 жылдың 3 қыркүйегінде Халық училищелері инспекторының шешімімен Елдес Омаров Торғай уезіндегі Добай ауылдық мектебіне мұғалім болып тағайындалды. Мұғалімдік қызметін 1911–1914 жылдары атқарды (ҚР ОМА. И-95-қ. 2-т. 279-іс. 9-п.) Ал 1914 жылдың 1 маусымынан бастап Орынбор округтік сотында Қосмұхамед Шуақиевтің орнына аудармашы қызметіне сайланды (Қазақ газеті, 1914: 4).

Елдес Омаров, қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі ретінде 1917 жылы Қазақстанның саяси және қоғамдық өміріне бел шеше кірісті, әсіресе Алаш қозғалысына байланысты қызметтерге белсене араласты. Ал, жапондық зерттеуші, міржақыптанушы Томохико Уяма өзінің іргелі еңбегінде қазақ зиялыларының қалыптасу үдерісін кеңістіктік-географиялық тұрғыдан талдап, қазақ зиялыларының географиялық таралуына назар аударды. 65 тұлғаның тізімін ұсынды. Бұл қатарға 1917 жылға дейін қоғамдық және ағартушылық қызметімен танылған қайраткерлерді енгізген. Ғалым Елдес Омаровты А. Байтұрсыновтың жақын досы деп көрсетеді (Томохико, 2000: 83).

Оның Алаш қайраткерлерімен 1913 жылдан Торғай облысының орталығы Орынбор қаласында «Қазақ» газетін шығарып, отаршылдыққа қарсы күресіп жатқан Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Мыржақып Дулатовпен таныстығы кейін тізе қосып ел мүддесі жолындағы бірлескен қызметіне ұласады. 1916 жылдың желтоқсан айының ортасында Әлихан Бөкейхан бастаған топ Минскіге келіп, майдандағы қазақ жігіттерінің жай-күйімен танысып, 1917 жылдың 5 ақпанында Минскідегі Земск және қала одақтары жанынан бұратаналар бөлімін ашады. Бөлімнің бастығы болып Әлихан Бөкейхан бекітіледі, ал оның орынбасары қызметін Мырзағазы Есполов атқарады. (Қойгелдиев, 2008: 272). Міне осы бұратана жұмысына алаштанушы Мәмбет Қойгелдиевтің айтуынша 1917 жылдың наурыз және сәуір айларына қарай Асфендияр Кенжин, Біләл Сүлеев, Файзолла Ғалымжанов, Елдес Омаров, Әзімбек Бірімжанов, Райымбек Мақатов, Хайралдин Болғанбаев, Тамимдар Шахулеев, Сейіл Жиенбаев, Бижанғали Жанқадамов, Сәндібеков, Боранқұлов деген азаматтар қосылады (Қойгелдиев, 2008: 267). Аталған кезеңде Мырзағазы Есболовпен бірлесе отырып, 19 мамыр күні ставкадан түскен, Батыс майданында жүрген жұмысшыларды елге қайтару жөнінде әзірленген жоспар туралы мәлімет береді. Құжатта майдандағы жігіттерді 35 эшелон арқылы кезең-кезеңімен қайтару көзделгені көрсетілген. Қайтару екі негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылуы тиіс болған: біріншісі – оңтүстік бағытта Теке (Орал) және Ішкі Орда аумақтарына апаратын жол, екіншісі – Вязьма, Сызрань, Самара қалалары арқылы өтетін бағыт. Сонымен қатар бұл шараның жүзеге асуы шамамен бір айға жуық уақытты талап ететіні атап өтіліп, істің жалпы барысы мен мән-жайы түсіндірілген (Қойгелдиев, 2008: 279).

Көрсетілген мәліметті архив құжаттары да растайды. Мысалы, 1929 жылғы 20 маусымда Алматы қаласында Е. Омаровтан жауап алу № 51 хаттаманың мәліметтері бойынша, ол Болғанбаев Хайретдинмен 1917 жылдан бері таныс екені көрсетіледі. Екеуінің империалистік соғыс жылдары Минск қаласында бірлесіп қызмет атқарып, тыл жұмыстарына реквизицияланған қазақты ұйымдастыру және оларды қамтамасыз ету ісімен айналысқаны атап өтіледі (Алаш ісі, 2022: 172).

Сонымен, бұратаналар бөлімі дегеніміз не? 1917 жылы Минск қаласында жұмыс істеген бұратаналар бөлімі Бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайында земство және қала одақтары жанынан құрылған арнайы әкімшілік құрылым болды. Оның негізгі қызметі Батыс

майданының тыл аймақтарына тартылған, Ресей империясының орыс емес халықтарының өкілдерінен (ең алдымен қазақтар, қырғыздар, башқұрттар және т.б.) құралған бұратаналар жұмысшы партияларын ұйымдастыру және қамтамасыз ету ісімен байланысты болды.

Осы кезеңде Минск Батыс майданының маңызды тылдық әрі әкімшілік орталығы саналып, мұнда тыл жұмыстарына мобилизацияланған жұмысшылардың негізгі бөлігі шоғырланды. Бұратаналар бөлімі әскери билік, орталық басқару органдары және мобилизацияланған жұмысшылар арасындағы делдалдық қызмет атқарды. Бөлімнің міндеттеріне жұмысшы партияларын есепке алу, орналастыру, азық-түлік және медициналық көмекпен қамтамасыз ету, тұрмыстық мәселелерді шешу, сондай-ақ олардың саны, жағдайы мен көңіл күйі туралы мәліметтер жинау және медициналық қызмет көрсетілуін бақылап, «елмен байланыс орнатуға» жәрдемдесті, сондай-ақ діни қажеттіліктерін өтеуге ықпал етті.

Бөлімді бастапқыда Бөкейхановтың өзі басқарды, ал 1917 жылғы тамыз айына дейін А. Кенжин жетекшілік етті. Бөлім жұмысына тартылған оқушылар мен студенттер 1917 жылдың жазында жұмысшыларды елдеріне эвакуациялау ісіне де пайдаланылды. Еске түсірсек, 1916 жылғы 11 қазанда Әскери министр Д.С. Шуваев 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлық бойынша тыл жұмыстарына мобилизациялануға тиіс бұратаналар қатарынан еріктілерді казак әскери бөлімдеріне қабылдау туралы ережені бекіту жөнінде бұйрық шығарған болатын (Аманжолова, 1993: 72–80, 100–102).

Алаш қозғалысының жетекшісі және оның басшылығындағы топ майданға жақын тыл аймақтарында қызмет атқарып жүрген өз отандастарына кедергісіз барып тұрған. 12 қаңтар күні Әлихан Бөкейханов Минск қаласында Бүкілресейлік земство одағының Батыс майданы комитетінде (одан әрі БЗО БМК) майданға жақын аймақтардағы қазақтардың жағдайы туралы баяндама жасады. Оның баяндамасына сәйкес, БЗО БМК құрамындағы инженерлік-құрылыс жасақтарында қызмет еткен қазақтар 100, 150 және 200 адамға арналған барактар мен шатырларда тұрған. Тамақты да осы барактарда ішкен, ал кейбір жасақтарда ғана ас әзірлеу мен тамақтануға бейімделген жеке-жеке үй-жайлар болған. Көптеген жасақтарда қазақтардың айына небәрі бір рет қана моншаға түсе алғаны анықталды. Сырт киімдерін олар амалсыздан өз қаражатына жуған, ал іш киімдерін ылғалды әрі салқын жатын орындардың өзінде кептіруге тура келген.

Ә. Бөкейханның баяндамасынан кейін БЗО БМК-ның төрағасы В. Вырубов қазақ жігіттерінің майдан маңындағы қызметі мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты мәселелерді орталықтандырылған түрде басқаруды Бөкейханның өзіне тапсыруды ұсынды. Осы мақсатта ол Мәскеу мен Минск қалаларында арнайы бөлімдер құру қажеттігін атап өтіп, ең әуелі мұндай бөлімді Минск қаласында ашуды жөн көрді. Бұл жаңалықты қазақ даласына 1917 жылғы 5 ақпанда «Қазақ» газетінің редакциясы Минск қаласынан кезекті жеделхатты алғаннан кейін білді: «Минск, 5 ақпан [1917 ж.]. Земгор одағы жанынан Бұратаналар бөлімі ашылды. Әлихан. Әлиханның мекенжайы: Минск қ., «Льез» қонақүйі. Әлихан Бөкейханға» (Жусип, 2025: 108)

Ол жөнінде 1929 жылғы 3 ақпанда М. Испулов Қызылорда қаласында жауап беру кезінде айтқан: *«Біз келіп, жұмысқа кірісе бастаған кезде Орынбор казак әскерінің штабы Бұратаналар әскери бөлімін ұйымдастыруды ұйғарғаны белгілі болды. Бұл бөлімді құрушылардың ойынша, ол қырғыз және башқұрт әскери бөлімдерін ұйымдастырумен айналысуы тиіс еді. Алайда біздің көзқарасымыз олардікімен сәйкес келмеді, себебі біз толықтай өзімізге бағынатын дербес жауынгерлік бөлім құруды көздедік. Ал олар, керісінше, «сендер адамдарды жинаңдар да бізге тапсырыңдар, оларды асырауды да, үйретуді де біз өзіміз жүзеге асырамыз, әрі басқару да біздің қолымызда болады» деген талап қойды. Біз де, башқұрттар да бұл ұсыныспен келіскен жоқпыз. Оның үстіне, башқұрттардың өз алдына төрт дербес полкі бар еді, ал бізде бірде-бір жігіт жоқ болатын»* (Алаш ісі, 2022: 474).

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін және Уақытша үкіметтің билікке келуімен бұратаналар бөлімінің қызмет мазмұны едәуір өзгерді. Тыл жұмыстарына алынған бұратаналарды босату туралы үкіметтік бұйрықтардың қабылдануына байланысты бөлімге оларды кезең-кезеңімен елдеріне қайтаруды ұйымдастыру міндеті жүктелді. Осы кезеңде

бөлім қызметкерлері қазақ жұмысшыларын алып қайтатын эшелондарды сүйемелдеп, қайту бағыттарын (Орал, Вязьма, Самара және т.б. қалалары арқылы) айқындаумен айналысты, сондай-ақ жергілікті билік органдарымен өзара іс-қимылды үйлестірді. Сонымен, 1917 жылы Минск қаласында қызмет атқарған бұратаналар бөлімі империялық басқару жүйесінің революциялық дағдарыс жағдайындағы трансформациясын айқындайтын маңызды құрылым болды және ол ұлттық кадрлардың әлеуметтік-саяси әрі ұйымдастырушылық тәжірибе жинақтауына ықпал етті.

Жоғарыда аталған бөлімінің қызметіне ұлттық интеллигенция өкілдерінің қатысуы айрықша маңызға ие болды. Олардың атқарған жұмысы әкімшілік сипатпен ғана шектелмей, әлеуметтік және қоғамдық-саяси мазмұнға да ие еді. Бұл тәжірибе кейін азаматтық қарсыласу жылдарында және ұлттық-мемлекеттік құрылыс үдерісінде ұлттық кадрлардың басқару ісіне тартылуына негіз болды. Мысалы, Ә. Бөкейхановтың бұйрығымен Минскіде бұратана бөлімінің бұрынғы хатшысы Елдес Омаров Торғай уезі 2 учаскесінің Шаруалар бастығы міндетін уақытша атқарушы, ал Киевтегі бұратана бөлімінің бұрынғы бастығы Мырзағазы Есболов Богуруслан уездік комиссарының орынбасары болып бекітіледі (Қойгелдиев, 1955: 242–243). Міне осындай абыройы мен жұмысынан Елдес Омаровтың қайраткерлік қырын көрумізге болады.

Елге Минск қаласынан оралған Елдес жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыстарына белсене араласа бастайды. Сол уақытта жергілікті өзін-өзі басқару органдары Земство терминімен аталған болатын. Уездік земство жиналысында Елдес Омаров земство басқармасы төрағасының орынбасары болып сайланды, сондай-ақ ол Қостанай уездік «Алашорда» бөлімінің төрағасы ретінде бекітілді (Алаш ісі, 2022: 474).

Ендігі кезекте Земство институтының құрылымы мен қызмет ету тетігіне тоқталсақ. Земство дегеніміз не? Земство Ресей империясында 1864 жылғы реформаға сәйкес құрылған жергілікті өзін-өзі басқару органы. Қазақстанда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өрбіген ұлт-азаттық қозғалыс бағдарламаларында өлкеде Земство мекемелерін құру басты мәселелерінің бірі ретінде қойылды.

Қазақ жерінде алғашқы Земство мекемесі 1917 жылы 16 қазанда Торғай уезінде ашылды. Оның басқармасының төрағасы А. Бірімжанов болып сайланды. (Алаш қозғалысы, 2008: 233)

Олар әлеуметтік-экономикалық мәселелермен айналысты (білім беру, медицина, инфрақұрылым). 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін земстволардың ықпалы күшейді. Олар саяси мәселелерді талқылау және жаңа билікті қалыптастыру үшін маңызды алаңға айналды. Қазақ қайраткерлерінің көпшілігі, соның ішінде Алашорда мүшелері де, земстволар жұмысына белсенді қатысты. Земстволар олар үшін қазақ халқының мүдделерін білдіру, автономияға қол жеткізу және жер мен өзін-өзі басқару құқықтарын қорғау үшін маңызды құрал болды. Елдес Омаров білім беру мен реформаларды жақтаушы ретінде осындай процестерге жергілікті деңгейде қатысты.

Қазақ газетінің 1914 жылдың 9 қаңтарында жарияланған № 45 санында Міржақып Дулатовтың «Земства не нәрсе» немесе «Земстваның ашылу реті» мақаласынан, земство – халықтың өзін-өзі басқаруын жүзеге асыратын қоғамдық институт ретінде патшалық Ресей жағдайында қалыптасқан басқару жүйесінің бір бөлігі екенін көріп отырмыз. Оның ұйымдастырушылық құрылымы екі негізгі органнан тұрды: өкілетті және атқарушы. Біріншісі – қандай қоғамдық міндеттерді жүзеге асыру қажеттігін айқындайтын орган, ал екіншісі – қабылданған шешімдерді орындауға жауапты мекеме. Өкілетті орган земство жиналысы деп аталды. Ол үш жылда бір рет сайланатын халық өкілдерінен – гласныйлардан құралды. Гласныйлардың басты міндеті жергілікті халықтың әлеуметтік, шаруашылық және мәдени қажеттіліктерін анықтап, оларды қанағаттандыру жолдарын талқылау болды. Земство жиналысында мектептер мен ауруханалар ашу, пошта және жол қатынасын дамыту, қоғамдық денсаулық сақтау сияқты мәселелер қаралып, осы мақсаттарға қажетті қаржы көлемі белгіленді. Земство жиналысының шешімдерін іске асыру земство басқармасына жүктелді. Басқарма мүшелері жиналыс тарапынан сайланып, тұрақты негізде қызмет атқарды және жалақы алды. Олар халықтың экономикалық жағдайы, сауда-саттық, ауыл шаруашылығы,

білім беру және басқа да салалар бойынша ақпарат жинап, практикалық басқару жұмыстарын жүзеге асырды. Басқарма жанында дәрігерлер, агрономдар, мұғалімдер, инженерлер мен техниктер қызмет етіп, земствоның әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаларын іске асыруға тартылды. Земство жиналысы жылына бір рет кезекті түрде өткізіліп, онда басқарманың жылдық есебі тыңдалды және алдағы кезеңге арналған міндеттер айқындалды. Табиғи апаттар, жұқпалы аурулар немесе әлеуметтік дағдарыстар кезінде кезектен тыс жиналыстар шақырылуы мүмкін еді. Гласныйлар қызметі үшін жалақы алмаған, тек жиналысқа келіп-кету шығындары өтелген. Ұйымдастырушылық тұрғыдан земство жүйесі уездік және губерниялық (облыстық) деңгейлерге бөлінді. Уездік земство жиналыстарынан сайланған өкілдер губерниялық земство жиналысын құрады. Бұл жоғарғы орган жеке аймақтардың емес, тұтас губернияға ортақ мәселелерді қарастырды. Гласныйларды сайлау жалпы халықтық қатысу негізінде өтті. Сайлауға жасы толған, сотталмаған, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсы білетін азаматтар қатысуға құқылы болды. Гласный болуға халықтың мүддесін жеке басының пайдасынан жоғары қоятын, қоғамдық жауапкершілігі жоғары тұлғалар лайық деп танылды (Қазақ газеті, 2023: 15).

Сонымен земство институты жергілікті өзін-өзі басқарудың маңызды тетігі ретінде жол қатынасын дамыту, білім беру ісін ұйымдастыру, денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру және өзге де қоғамдық қажеттіліктерді шешуде айтарлықтай рөл атқарды. Оның қызметі халықты басқару ісіне тартудың ерте формасы ретінде тарихи маңызға ие болды.

Ал, Елдес Омаров болса, Уақытша үкімет пен Кеңестер арасындағы саяси шиеленіс, сондай-ақ большевиктердің билікке келуінен кейін қалыптасқан күрделі қоғамдық-саяси жағдайда өткен облыстық, уездік және жалпықазақ съездерін ұйымдастыру ісіне белсене араласып, Алашорда үкіметінің құрылуына атсалысты. Ол бірінші және екінші жалпықазақ съездерінің жұмысына қатысып, оқу комиссиясының құрамында қызмет атқарды. Сонымен қатар Қостанайда өткен уездік төтенше Қазақ съезінде «Жер мәселесі» тақырыбында баяндама жасады.

1917 жылғы 1 шілдеден бастап Елдес Омаров бүкіл Қазақ облыстарында жүргізілетін ауыл шаруашылығы санағына байланысты Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Жәнібеков, С. Қадірбаев, Е. Тұрмұхамедов, Н. Бегімбетов қол қойған қазақ зиялыларының «Қазақ халқына» арналған үндеуін жариялауға қатысқан тұлғалардың бірі болды (Қойгелдиев, 2008: 338).

Ол 1917 жылғы екінші Жалпықазақ съезін дайындау және өткізу ісін ұйымдастырған бес адамнан тұратын комиссияның құрамына енгізілді. Бұл комиссия «Қазақ» газеті арқылы қазақ және қырғыз жұртшылығына елдегі саяси ахуалды талқылау мақсатында Жалпықазақ съезін шақыру жөнінде үндеу таратты. Аталған съезде оқу-ағарту мәселелерін қарастыру үшін құрылған комиссияның (А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Е. Омаров, Б. Сәрсенұлы, Т. Шонанов) жұмысына да Елдес Омаров қатысып, қазақ-қырғыз қоғамындағы білім беру ісінің тұжырымдамасын әзірлеу, оқу бағдарламаларын жасау және оқулықтар жазу ісін жолға қою міндеттерін орындауға атсалысты (Қазақ съездері, 2003: 170–172).

Съезд шешімдерін жүзеге асыру мақсатында Елдес Омаров Қостанайға келіп, жергілікті халықты Алаш автономиясын қолдауға үндеді. Ол Торғай облыстық земствосы төрағасының орынбасары қызметін атқарып, Алаш әскери құрылымын жасақтау ісінде де белсенділік танытты.

Алашорда Үкіметі жарияланғаннан кейін, соның шешіміне сәйкес Қостанай қаласында 2-ші қазақ полкі құрылады. Осы тұста Қостанайдағы 2-ші қазақ полкінің құрамы туралы «Сарыарқа» газеті: «...ең алдымен бас боламыз деп учительдер, оқушы жастар жазылып, бұларды көрген соң, қырдағы жігіттер де өз еркімен жазылды», – дей келіп, онда оқу командасының ашылғандығын, құрамында оқыған азаматтардың болғандығын және 29 желтоқсанда полктағы жігіттер Қоңырау станциясына (Орынбор губерниясына) бет алғандығын, сонымен қатар Алашорда тарапынан «әскери бөлім» ашылып, Елдес Омаровтың да бірге кеткенін жазады (Қазақ мемлекеттілігі, 2018: 596).

Қиындықтардың болғанына қарамастан, Алашорда өз жоспарларын жүзеге асыруға

кірісті. Бұл бағыттағы алғашқы қадамдардың бірі – жергілікті жерлерде билік органдарын қалыптастыру болды. Қазақстандағы қолданыста болған әкімшілік-аумақтық бөлініске сүйене отырып, Алашорда облыстар мен уездерге өз комиссарларын тағайындады. 1917 жылғы желтоқсанда Торғай облысы бойынша комиссар болып С. Қадырбаев тағайындалса, Қостанай уезі бойынша Алашорданың комиссары болып уездік басқарма мүшесі, мұғалім Елдес Омаров бекітілді. (Терновой, 2007: 41) Айтылған мәлімет, Қостанай облыстық мемлекеттік архивінің 654 қорынан табылған құжаттармен расталады. Мысалы, 1918 жылдың 6 шілдесінде земск басқармасының атынан халыққа жолданған «От Кустанайской уездной земской управы» атты хатында қол қоюшылар қатарында басқарма орынбасары ретінде Е. Омаров көрсетілген (ҚО МА. Р – 654 қ. 1-т. 1-іс. 104-п)

Елдес Омаровтың мысалында Алашорда мен земство институтының өзара қатынасына тоқталсақ. Қостанай облыстық мемлекеттік архивінен табылған, 1918 жылғы Қостанай уездік земство жиналысының материалдары азаматтық қарсыласу кезеңінде Алашорда мен земство институты арасындағы күрделі әрі көпқырлы өзара қатынасты айқын көрсетеді. Бұл кезеңде земство патшалық дәуірден мұраға қалған жергілікті өзін-өзі басқару органы ретінде қызметін жалғастырса, Алашорда ұлттық-аумақтық автономия идеяларын іске асыруға ұмтылған саяси құрылым ретінде қалыптасты. Екі институттың қатар өмір сүруі бір жағынан ынтымақтастыққа, екінші жағынан өкілеттік пен легитимділікке қатысты қайшылықтарға алып келді. Журнал деректерінен байқалғандай, Алашорда өкілдері, соның ішінде Елдес (Елдес) Омаров, земство құрылымына саналы түрде кірігіп, оны ұлттық мүдделерді қорғаудың заңды алаңы ретінде пайдалануға тырысқан. Бұл жағдай Алаш қозғалысының тактикалық ұстанымын көрсетеді: автономия идеясын тікелей қарсыласу арқылы емес, бар басқару институттары арқылы біртіндеп жүзеге асыру, Е. Омаровтың бір мезгілде уездік земство басқармасы төрағасының орынбасары әрі Алашорда өкілі болуы осы стратегияның айқын көрінісі болды.

Сонымен қатар земство жиналысында орын алған пікірталастар Алашорда мен уездік комиссарлық билік арасындағы шекаралардың нақты айқындалмағанын аңғартады. Әсіресе жергілікті салық жинау, автономияға қатысты үндеулер мен съездер қаулыларының заңдылық мәселелері екі тарап арасындағы қайшылықты тереңдетті. Уездік комиссардың Омаров үндеуін тәркілеуі және оны саяси тұрғыда сынға алуы земствоның бір бөлігінің Алашорда бастамаларын қауіпті деп қабылдағанын көрсетеді. Алайда Омаровтың өз түсіндірмелерінде автономия мен егемен мемлекет ұғымдарын ажыратуы, сондай-ақ бұл мәселені земство жиналысында уақытынан бұрын көтеруді орынсыз деп санауы – Алаш қайраткерлерінің белгілі бір бөлігінің саяси сақтығын және прагматикалық ұстанымын білдіреді. Бұл ұстаным земство институтын қақтығыс алаңына айналдырмай, оны жергілікті басқарудың тұрақты тетігі ретінде сақтауға бағытталған еді. Омаровтың земство басқармасындағы қызметтен өз еркімен кетуі де осы контекстегі мәнге ие. Бір жағынан, бұл оның Алашорда өкілі ретіндегі саяси қызметі мен бейтарап әкімшілік қызметтің үйлеспейтінін түсінгенін көрсетсе, екінші жағынан, земство институтының азаматтық қарсыласу жағдайында саясиланып бара жатқанын аңғартады. Осылайша, земство Алашорда үшін уақытша саяси ресурс қызметін атқарғанымен, биліктің толық ұлттық сипатқа өтуіне жеткілікті институционалдық негіз бола алмады. Нәтижесінде, 1918 жылдың 5–13 желтоқсан аралығында өткен Қостанай уездік земство жиналысының кезекті 1-ші отырысында, 5 желтоқсан күні күн тәртібінде басқарма өкілінің орынбасары Е. Омаровтың қызметті өз еркімен босату өтініші қарастырылған. Омаров қызметтен босату туралы өтінішін білдіре отырып, мұны бірнеше себеппен түсіндіреді. Біріншіден, оның жергілікті «Алашорда» бөлімінің өкілі болып сайлануы, екіншіден, төтенше уездік земство жиналысында басқарманың өтініші бойынша басқарма құрамына қосымша екі мүше сайланған болатын. Осыған байланысты оның қызметтен босатылуы басқарманың жалпы жұмыс барысына кері әсерін тигізбейді. Сонымен қатар Омаров өзінің денсаулық жағдайының әлсіз екенін де алға тартады. Отырыстың шешімі келесідей болды: (архив дерегін түпнұсқа бойынша береміз) *«Одним из гласных внесено предложение освободить, в таком случае не только Омарова, но и другого члена управы.*

*Представитель управы Заикин и члены управы: Масловский, Терентьев и Ухов заявили об увольнении их из управы. Собрание находит нужным сначала разрешить вопросы об увольнении Омарова, большинством голосов собрание постановило: заместителя представителя управы Илдеса Омарова в виду заявления кого, уволить из управы, т.к. он обладает слабым здоровьем». (ҚО МА. 1049-қ. 1-т. 7а-іс. 1-19-п)*

Қорыта айтқанда, Қостанай уезіндегі земство мен Алашорда арасындағы өзара қатынас бәсекелестік пен ынтымақтастық элементтерін қатар қамтыды. Земство институты Алаш қайраткерлеріне заңды саяси алаң ұсынса, Алашорда земство арқылы жергілікті халықпен және ресми билікпен диалог орнатуға ұмтылды. Алайда Азаматтық соғыс жағдайында бұл модель ұзақ мерзімді әрі тұрақты сипат ала алмады.

1918 жылы 14 шілдеде Елдес Омаров Шаруа және Қазақ депутаттарының Төтенше Қостанай уездік съезі отырысына қатысты. Съезде Елдес Омаров және Мырзағазы Есполов Төралқа алқасына сайланды (РФ МА. 1701-қ. 1-т. 6в-іс. 101-105 пп.). Күн тәртібінде ағымдағы мәселелер, Уақытша Сібір үкіметіне деген көзқарас, Шаруа және Қазақ одағының құрылуы, Одақ басқармасы мен қаражатын сайлау, Қостанай уезінің халық билігінің Уақытша комитеті туралы, азық-түлік, орман және жер туралы мәселелер болды. Съезд отырысы большевиктердің билігі бүкіл халықтың билігі емес, оның ішінде басқыншылар мен зорлаушылар болғанын назарға ала отырып және жан-жақты талқылап, Шаруа және Қазақ депутаттарының Төтенше Қостанай уездік съезі Уақытша Сібір үкіметінің тұлғасында төңкеріс пен жаңа билікті қарсы алды. Сонымен қатар, Қостанай уездік съезі Уақытша Сібір Үкіметі қысқа уақыт ішінде Сібір Құрылтай жиналысын шақырып, елді Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына жеткізеді деп үміттенді (Тастекова, 2023: 824).

Ал, ағымдағы жылдың 22 қазан (4 қараша) күні Алашорданы тарату туралы Бүкілресейлік Уақытша үкіметтің жарлығы шығады. Жарлық бойынша, алдағы жақын кезеңде бүкіл мемлекеттік басқаруды біртұтас Министрлер кеңесіне бағындыру керек болды. Осы негізде Алаш үкіметін Алашорданы тарата отырып, Бүкілресейлік Уақытша үкімет сонымен қатар қазақ-қырғыз халықтарын басқару жүйесіне олардың тұрмыстық және шаруашылық ерекшеліктеріне сәйкес келетін бастамаларды енгізуді және болашақта аталған мақсаттарға қызмет ететін, осы халықтардың мәдени-тұрмыстық және шаруашылық-экономикалық істерін жүргізетін өкілді орган құруы қажет боп саналды. Сонымен, Бүкілресейлік Уақытша үкіметі қаулы етті: (архив дерегін түпнұсқа бойынша береміз) *«1. Правительство Алаша Алаш-Орду считать прекратившим свое существование.*

*2. Учредить должности: а) Главноуполномоченного по управлению Алашем, подчинив его ведению, на основании особого положения, все дела, касающиеся культурно-бытовых и экономических нужд казак-киргизских народностей; б) Помощников главноуполномоченного по управлению Алашем.*

*3. Органы управления Алаш-Орды временно, впредь до издания соответствующего постановления, сохранить, подчинив их Центральным ведомствам Временного Всероссийского Правительства по принадлежности.*

*4. Учредить особую комиссию по выработке положения об Алашском представительном органе и выборах в него, вменив ей в обязанность по окончании работ представить положение на одобрение Временного Всероссийского Правительства (Қозыбаева, 2018: 160).*

Бүкілресейлік үкіметтің барлық облыстық үкіметтерін тарату және Сібір үкіметі органдарына бүкілресейлік маңыз беру туралы грамотасы Қостанай қаласына 11 қарашада келіп түседі. 12 қараша күні Торғай облыстық комиссары А. Мотов Алашорда үкіметінің Қостанай уездік комиссары Е. Омаровты шақырып, аталған грамотамен таныстырады, Торғай облысын басқару ісіне араласпауға ұсыныс жасайды. Бірақ, жергілікті Алашорда аппараты өз әрекеттерін тоқтатпады (РФ МА. Р-1701-қ. 1-т. 6в-іс. 95-п).

Осы жылдың 24 қарашасында Елдес Омаров Арақарағай болыстық земство басқармасының төрағасына Алашорда пайдасына салық жинаудың қажеттілігі туралы хат жолдайды. Уездік комиссардың Алашорда өкімі бойынша жүргізіліп жатқан алым-

салықтарды заңсыз деп санауына байланысты өз наразылығын келесідей білдіреді: (архив дерегін түпнұсқа бойынша береміз) *«никакой комиссар не вправе требовать приостановления сборов Алаш-Орды, и что отделом Алаш-Орды будут приняты меры к преданию названного комиссара суду по обвинению его: во-первых, в том, что он своим объявлением о недопустимости сборов Алаш-Орды восстанавливает население против существующего порядка и против всероссийской власти, и во-вторых, в том, что в названном объявлении сообщает населению заведомо ложные сведения о репрессивных мерах, якобы принимаемых представителями отдела при сборе ими денег и называет их преступными людьми»* (РФ МА. Р-1701-қ. 1-т. 6в- іс. 96-п). Алашорда земство басқармасынан алым-салықтарды жедел түрде жинау бойынша шараларды қабылдауды талап етеді. Оның себептерін біріншіден, жергілікті полк құрамындағы жігіттердің аттарын сатып алуға мүмкіндік болмайды; екіншіден, полк жігіттерінің тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі жұмыстар тоқтатылып, бұл өз кезегінде полктің таратылуына әкелуі мүмкін екендігімен түсіндіреді.

Алашорда пайдасына салық жинаудың қажеттілігі жөнінде Е. Омаровтың жазғанын растайтын айғақ және 4 қарашадағы Уақытша Бүкілресейлік үкіметтің барлық облыстық үкіметтерді тарату туралы грамотасының мазмұнымен таныс екендігі 1918 жылғы 28 қараша күні алынған жауап алу хаттамасында жазылған. Онда ол жоғарыда айтылған хатты өзі құрастырғаны және өз қолымен жазғаны туралы мәлімдейді. Оның пікірінше, Қостанай бөлімінің бұл қаулысы Уақытша Бүкілресейлік үкіметтің 1918 жылғы 4 қарашадағы грамотасына сүйеніп қабылданған. Аталған құжатта таратылған облыстық үкіметтер бұрын қабылдаған заңнамалық шешімдер арнайы тәртіппен күшін жойғанға дейін қолданыста қала беретіні нақты көрсетілген. Сонымен қатар, Қостанай бөлімі Уақытша Бүкілресейлік үкіметтің 1918 жылғы 22 қазандағы жарлығының 3-тармағына сүйенеді, ал бұл құжатта Алашорда басқару органдарын уақытша сақтап қалу туралы айтылған. Алашорда пайдасына жиналған алым-салық 1918 жылғы 14 қазанда өткен Қостанай уезі қазақтарының съезінде қабылданған шешімге сәйкес жүзеге асырылды. Бұл шешім кейін Алашорданың орталық үкіметі тарапынан мақұлданды. Құжатта жергілікті полктің аттары несиеге алынғаны, алайда олардың құны толық өтелмегені көрсетіледі. «...Сонымен қатар Алашорда бөлімі полкті қамтамасыз ету мақсатында бірқатар шығындарды өз жауапкершілігіне алды: аурухана бөлімінде еден жуу мен нарлар орнату, монша шығындарын өтеу, сондай-ақ полк командирінің өтініші бойынша вахмистрлер мен урядниктерге қосымша жалақы төлеу. Алашорда сметасы бойынша Қостанай уезіне шамамен 3 миллион көлемінде алым-салық жүктелген. Менің пікірімше, Алашорданың заңнамалық актілері өзгертілгенге немесе жойылғанға дейін өз күшін сақтайды және орындалуға тиіс. Қостанай уезі бойынша бекітілген смета да менің ойымша, заңнамалық акт болып табылады» - дейді Е.Омаров (РФ МА. Р-1701-қ. 1-т. 6в- іс. 96-п).

Көрсетілген мәселені шешу мақсатымен, 1918 жылдың 29 қарашасында Е. Омаров Қостанай уезіндегі мемлекеттік тәртіпті қорғау жөніндегі уәкілетті мырзаға Алашорданың жергілікті органдарын ұстауға арналған алым-салықтарды жинау туралы қаулыны орындау жөніндегі өтінішін білдіреді. Құжатта Алашорда пайдасына жиналатын алым-салықтарды жалғастыру Уақытша Бүкілресейлік үкіметтің 1918 жылғы 4 қарашадағы грамотасымен негізделіп, бұрын қабылданған облыстық үкіметтердің нормативтік актілері арнайы тәртіппен жойылғанға дейін өз күшін сақтайтыны атап көрсетіледі. Бұл өтініш Алашорданың жергілікті деңгейде заңды-әкімшілік тетіктер арқылы әрекет етуге ұмтылғанын, сондай-ақ Е. Омаровтың уездік билік құрылымдарымен құқықтық диалог жүргізуге талпынғанын айқындайды (РФ МА. Р-1701-қ. 1-т. 6в- іс. 99-п).

Қостанай қаласы мен уезіндегі мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық тыныштықты қорғау жөніндегі уәкілетті полковник Панов 1918 жылдың 14 желтоқсанында Торғай облыстық Алашорда бөлімінің қызметі туралы Ішкі істер министріне рапорт жолдайды. Рапортқа сәйкес, Бүкілресейлік Уақытша үкіметтің қаулысымен барлық облыстық үкіметтер, соның ішінде Алашорда үкіметі таратылған деп танылғанымен, Алашорданың жергілікті өкілдері, атап айтқанда өзін Қостанай уездік комиссары деп атаған Е. Омаров, уезде қазақ және орыс тұрғындарына арналған үндеулер жариялауды жалғастырған. Бұл әрекеттер уездік билік

тарапынан заңсыз деп бағаланып, тәркілеу шаралары қолданылған. Сонымен қатар Алашорда өкілдерінің Қостанай атты-қазақ полкінің ішкі тәртібіне араласу әрекеттері ресми билік пен әскери басшылықтың қарсылығын туғызған. (РФ МА. Р-1701-қ. 1-т. 6в-іс. 95–96-п). Нәтижесінде, Торғай облыстық комиссары А. Мотов Ішкі істер министрлігіне Торғай облыстық Алашорда бөлімінің Уақытша Сібір үкіметіне бағынбауы туралы шағымданады. 1918 жылы 24 желтоқсанда жазған қызметтік хатқа сәйкес, ағымдағы жылдың қараша айының алғашқы күндерінде Қостанай уездік комиссарына Ішкі істер министрлігіне Қырғыз (Қазақ) Алашорда үкіметінің Қостанай уездік комиссары Омаровтың өкімдеріне қатысты шағымдар түсе бастағанын айтады. Сонымен қатар, Қостанай уезінде Сібір үкіметінің билігін мойындамайтын және Торғай облысы басқару тұрғысынан тек Алашорда үкіметіне ғана бағынатын Алашорда үкіметінің бөлімі бар екенін анықтайды. 24 қараша күні Бүкілресейлік үкімет заңдарында көзделген салықтарды ғана төлеуі тиіс екендігі туралы хабарлама жариялағаннан кейін, Алашорда үкіметінің Қостанай уездік комиссары Омаров циркулярлық түрде комиссар Федоровичтің әрекеттерін заңсыз деп жариялап, соңынан Омаровты әскери-дала сотына тартуға уәде еткенін жазады. Ол Алашорданың әрекеттері мемлекетке қарсы, ел үшін аса ауыр кезеңде оған жол беруге болмайды. Сонымен қатар Бүкілресейлік Уақытша үкіметтің грамотасында Алашорда органдарының қызметін нақты әрі түпкілікті тоқтату туралы анық нұсқау берілмеген. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігінен Министрлер кеңесі алдында жергілікті жерлердегі барлық Алашорда органдарын тарату мәселесін көтеруді сұрайды (РФ МА. Р-1701-қ. 1-т. 6в-іс. 95-п).

Алаш Орда большевиктермен де, ақ гвардияшылармен де қарым-қатынас орнатуға талпынды, бірақ нақты әскери күштің болмауы олардың тәуелсіздікке жету мүмкіндігін шектеді. Ал, Елдес Омаров басқа да Алаш қайраткерлері сияқты «халық жауы» деген айыппен 1929 жылдың аяғында қамауға алынып, 1930 жылы сәуірде ату жазасына кесілді. Кейіннен бұл үкім өзгеріп, оның орнына 10 жылға Архангельскіге жер аударылады. 1933 жылы шілде айында ол қылмыс құрамының болмауына байланысты босатылып, ақталады. 1937–1938 жылдардағы Ұлы террор кезінде Елдес Омаров қайтадан қуғын-сүргінге ұшырайды да 1937 жылы 1 желтоқсандағы шығарылған үкім бойынша жазықсыз атылып кетеді.

1988–1989 жылдары арнайы комиссия жұмысының арқасында қазаққа ғана емес, әлемдік ғылым мен мәдениетке белгілі жүздеген есімдер қайтарылды. Елдес Омаровтың есімі 1989 жылы ақталды. Оған 1997 жылы Қостанайда бұрынғы орыс-қазақ училищесінің (қазіргі көркемсурет мектебі) ғимаратына мемориалдық тақта орнатылды.

### **Қорытынды**

Зерттеу нәтижелері Елдес Омаровтың азаматтық қарсыласу жылдарындағы қоғамдық-саяси қызметі уездік деңгейде ұлттық басқару құрылымдарын сақтауға және олардың қызметін құқықтық тұрғыдан негіздеуге бағытталғанын көрсетеді. Ол Алашорда үкіметінің аймақтық өкілі ретінде саяси бастамаларды іске асырумен қатар, уездік земство басқармасы аясында әкімшілік тәжірибені ұтымды пайдалануға ұмтылды. Бұл оның қызметін тек идеологиялық ұстаныммен шектемей, нақты басқару тетіктерін қолдануға негізделген прагматикалық бағытта жүргізгенін айқындайды. Архивтік деректер Елдес Омаровтың уездік земство органдары мен Алашорда құрылымдары арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етуші буын болғанын дәлелдейді. Ол алым-салық жинау, әскери бөлімдерді материалдық қамтамасыз ету және жергілікті басқару тұрақтылығын сақтау мәселелерінде қолданыстағы нормативтік актілерге сүйене отырып әрекет етті. Бұл жағдай Алаш қозғалысы өкілдерінің бір бөлігінің азаматтық қарсыласу кезеңінде құқықтық алаңнан шықпай, биліктің балама моделін іске асыруға талпынғанын көрсетеді.

Сонымен қатар, Елдес Омаровтың қызметі уездік және орталық билік органдарымен арада туындаған юрисдикциялық қайшылықтар аясында жүзеге асырылды. Оның саяси ұстанымы ашық қарсыласудан гөрі келісім мен құқықтық дәлелдерге негізделген әрекеттермен сипатталды. Осы тұрғыдан алғанда, Елдес Омаровтың қоғамдық-саяси қызметі ұлттық қозғалыстың өзгермелі саяси жағдайларға бейімделуінің айқын көрінісі болып

табылады және Алаш қозғалысының өңірлік деңгейдегі тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

### Sources

SA KR — State Archive of Kostanay region  
CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan  
SA RF — State Archive of the Russian Federation

### Дереккөздер

ҚО МА — Қостанай облысының мемлекеттік архиві  
ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві  
РФ МА — Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві

### References

1920–1930 zhyldardagy Qostanai, 2023 — *1920–1930 zhyldardagy Qostanai oblysyndagy qugyn-surgin: zhana faktiler men derekter. Repressii v Kostanaiskoi oblasti v 1920–1930-e gody: novye fakty i istochniki: monografiia v dokumentakh [Repressions in the Kostanay Region in the 1920s–1930s: New Facts and Sources. A Documentary Monograph]* / ed. by R. Baidaly. Kostanay, 2023. 226 p. [In Kaz.].

Alash v istorii gosudarstvennosti, 2018 — *Alash v istorii gosudarstvennosti Kazahstana: idei, sudby, nasledie. Sbornik arhivnykh dokumentov i materialov [Alash in the history of Kazakhstan's statehood: ideas, destinies, heritage. Collection of archival documents and materials]*. Comp: M.M. Kozybaeva, Z.T. Sadvokasova, F.R. Lebaev. Almaty: Litera-M, 2018. 432 p. [In Russ.].

Alash isi, 2022 — *Alash isi. 1920–1930 zhzh. OGPU zhurgizgen zhasandy tergeu isterinin quzhattary men materialdary [The Alash Case. Documents and Materials of Fabricated OGPU Investigations of the 1920s–1930s]*. Comp. by M. Koigeldiev, Z. Myrzataeva, R. Mirzakulov. Vol. 1. Almaty: LEM Publishing House, 2022. 984 p. [In Russ.].

Alash qozgalysy, 2008 — *Alash qozgalysy [The Alash Movement]*. Comp. by E. Tileshov, D. Kamzabekuly, I. Nurakhmet. Almaty: Sardar Publishing House, 2008. 232 p. [In Kaz.].

Amanzholova, 1993 — *Amanzholova D. A. Partiiia Alash: istoriia i istoriografiia [The Alash Party: History and Historiography]*. Semipalatinsk: Semipalatinsk Pedagogical Institute named after Shakarim, 1993. 136 p. [In Russ.].

Zhusip, 2025 — *Zhusip S.-Kh. A., Maslov, Kh. Istoricheskie aspekty uchastiia kazakhov v pervoi mirovoi vojn [Historical Aspects of Kazakhs' Participation in the First World War]*. Asian Journal Steppe Panorama. 2025. No. 8(3). Pp. 104–116. [In Russ.].

Qazaq gazetі, 1914 — *Qazaq gazetі [Qazaq Newspaper]* No. 65, 8 June 1914. [In Kaz.].

Qazaq gazetі, 2023 — *Qazaq gazetі. 1914 zhyl [Qazaq Newspaper. The Year 1914]* comp. by G. Anes, T. Zamaeva. Almaty: “Alashorda” qogamdyq qory, 2023. 608 p. [In Kaz.].

Qazaq memlekettіlіgі, 2018 — *Qazaq memlekettіlіgі zhāne Alashorda [Kazakh Statehood and Alashorda]*. Collective monograph. Almaty: Litera-M, 2018. 752 p. [In Kaz.].

Qazaq sezderi, 2003 — *Qazaq sezderi: qaulы-qaqarlary men sheshimderi (1917–1919 zhzh.) [Kazakh Congresses: Resolutions and Decisions (1917–1919)]*. Collection of documents. Textbook / comp. by K. Ilyasova. Kyzylorda: Korkyt Ata Kyzylorda State University, 2003. 176 p. [In Kaz.].

Qoigeldiev, 2008 — *Qoigeldiev M. Alash qozgalysy. [The Alash Movement]* Vol. 1. Revised and expanded 2nd ed. Almaty: Mektep Publishing House, 2008. 480 p. [In Kaz.].

Nurpeisova, 2023 — *Nurpeisova E. T., Abil, E. A., Urakov, D. Zh. Eldes Omarov: tarikh tolqynyndagy tulga [Eldes Omarov: personality in the flow of history] Otan tarikhy. 2023. Vol. 26. No. 4. Pp. 744–754 [In Kaz.].*

Tastekova, 2023 — *Tastekova G. B., Alpysbes, M., Urakov, D. Zh. Myrzagazy Espolov – Alash qairatkeri [Myrzagazy Espolov-alash activist] Edu.e-history.kz (electronic scholarly journal). 2023. Vol. 10. No. 4. Pp. 815–829. [In Kaz.].*

Ternovoi, 2007 — *Ternovoi I. K. Kostanaiskaya oblast: proshloe i nastoiashchee [The Kostanay Region: Past and Present]*. In 2 parts. Kostanay: Kostanay Printing House, 2007. Part II. 508 p. (In Rus.).

Uyama, 2000 — *Uyama. The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century (Kimitaka Matsuzato, ed., Regions: A Prism to View the Slavic-Eurasian World. Sapporo, 2000. Pp. 70–99.*

### Әдебиеттер

Алаш в истории государственности, 2018 — *Алаш в истории государственности Казахстана: идеи, судьбы, наследие. Сборник архивных документов и материалов/ составители Козыбаева М.М., Садвокасова З.Т., Лебаев Ф.Р. Алматы: ТОО «Литера-М», 2018. 432 с.*

Алаш ісі, 2022 — *Алаш ісі. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу істерінің құжаттары мен материалдары / құрастырушы М. Қойгелдиев, З. Мырзатаева, Р. Мирзақұлов. Т.1 Алматы: Издательство LEM, 2022. 984 с.*

Алаш қозғалысы, 2008 — *Алаш қозғалысы / құрастырушы Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, И. Нұрахмет. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008. 232 б.*

- Аманжолова, 1993 — *Аманжолова Д.А.* Партия Алаш: история и историография. – Семипалатинск: Семипалатинский педагогический институт им. Шакарима, 1993. 136 с.
- Жусип, 2025 — *Жусип С.-Х. А., Маслов Х.* Исторические аспекты участия казахов в первой мировой войне // Asian Journal "Steppe Panorama". 2025. № 8(3). С. 104–116.
- Қазақ газеті, 1914—*Қазақ газеті*, № 65, 8 июня, 1914
- Қазақ газеті, 2023—*Қазақ газеті, 1914 жыл* /құрастырушы Ф. Әнес, Т. Замаева. Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. 608 б.
- Қазақ мемлекеттілігі, 2018 — *Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда.* Ұжымдық монография. Алматы: Литера-М, 2018. 752 б.
- Қазақ съездері, 2003 — Қазақ съездері: қаулы-қақарлары мен шешімдері.(1917-1919 жж.) Құжаттар жинағы. Оқу құралы. Құрастырған: Илиясова К. Қызылорда: Қорқыт ата татныдағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 2003. 176 б.
- Қойгелдиев, 2008 —*Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. 480 б.
- Нурпеисова, 2023 — *Нурпеисова Э.Т., Әбіл Е.А., Ураков Д.Ж.* Елдес Омаров: тарих толқынындағы тұлға // Отан тарихы. 2023. Т.26. No4. С. 744-754.
- Тастекова, 2023— *Тастекова Г.Б., Алтысбес М., Ураков Д.Ж.* Мырзағазы Есполов — Алаш қайраткері // «Edu.e-history.kz.» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 4. С. 815–829.
- Терновой, 2007—*Терновой И.К.* Костанайская область: прошлое и настоящее. В 2 ч. Костанай: Костанайский печатный двор, 2007. Ч. II. 508 с.
- 1920–1930 жылдардағы Қостанай, 2023 — *1920–1930 жылдардағы Қостанай* облысындағы қуғын-сүргін: жаңа фактілер мен деректер. Репрессии в Костанайской области. Репрессии в Костанайской области в 1920–1930-е годы: новые факты и источники: монография в документах / ответственный редактор Р.Байдалы. Костанай, 2023. 226 с.
- Uyama, 2000 — *Uyama.* The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century (Kimitaka Matsuzato, ed., Regions: A Prism to View the Slavic-Eurasian World. Sapporo, 2000. Pp. 70–99.

## CONTENTS

## HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

|   |    |
|---|----|
| <b>Abdimomynov N.T., Ospanova A.O., Djumashev A.</b> FROM IDEOLOGY TO EMPIRICAL SYNTHESIS: THE EVOLUTION OF THE SOVIET RUSSIAN HISTORIOGRAPHY ON THE POLITICAL ECONOMY OF THE GOLDEN HORDE) ..... | 7  |
| <b>Kalfa M., Kozhakhan Zh., Beysegulova A.</b> THE HISTORY OF RESEARCH ON THE LEATHER-PROCESSING CRAFT OF THE KAZAKH PEOPLE.....  | 23 |
| <b>Temirkhanov B., Mutaliyev M., Karakulak M.</b> THE IMAGE OF KHOJA AHMET YASSAWI IN THE “KAZAKH” NEWSPAPER.....   | 36 |

## HISTORY

|   |     |
|---|-----|
| <b>Aldazhumanov K.S., Sandybayeva D.M., Abuov N.A.</b> KAZAKHSTANIS IN CAPTIVITY, THE PARTISAN MOVEMENT, AND THE EUROPEAN RESISTANCE.....   | 46  |
| <b>Barin E., Satayeva B.</b> THE CONSTRUCTIVE ROLE OF CULTURE AND LANGUAGE IN HISTORICAL DISCOURSE.....   | 62  |
| <b>Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R.</b> THE BASMACHI MOVEMENT IN CENTRAL ASIA: HISTORICAL ORIGINS AND REGIONAL PECULIARITIES.....   | 79  |
| <b>Zholdassuly T., Madelkhanova M.</b> THE “KOSHCHI” UNION AND ITS ACTIVITIES IN THE KYZYLORDA REGION: A STUDY BASED ON ARCHIVAL MATERIALS (1920–1929).....   | 95  |
| <b>Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H.</b> SOCIAL PREREQUISITES FOR THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SUFI ORDERS IN CENTRAL ASIA.....   | 110 |
| <b>Kokebayeva G.K., Bissembaiuly M.</b> FORCED MIGRATION AND ETHNIC POLICY IN WESTERN BELARUS AND WESTERN UKRAINE IN THE 1940s.....   | 124 |
| <b>Kuanbay O.B., Apendiyev T.A., Ushkurbayeva A.E.</b> DEMOGRAPHIC DYNAMICS OF TAJIKISTAN: FERTILITY, MORTALITY, TRENDS AND FORECASTS (1990–2023).....  | 138 |
| <b>Malikova S.Z., Tashagil A., Issakayeva A.M.</b> AUL BAIS: THE POLICY OF CONFISCATION AND DEPORTATION CONDUCTED IN THE BULAEV DISTRICT.....   | 154 |
| <b>Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh.</b> POLITICAL RELATIONS BETWEEN THE HAN DYNASTY AND THE XIONGNU AND THEIR INFLUENCE ON NOMADIC CIVILIZATION.....  | 168 |
| <b>Mukhatova O.Kh., Seffat D.</b> KAZAKH – RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS OF THE LATE 17TH – EARLY 18TH CENTURIES .....   | 181 |
| <b>Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z.</b> FORCED LABOR SYSTEM IN THE TERRITORY OF THE KAZAKH SSR ON THE EXAMPLE OF JAPANESE PRISONERS OF WAR (1946–1956).....   | 194 |
| <b>Nurpeissova E., Baydaly R., Abil Ye.</b> SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF ELDES OMAROV DURING THE YEARS OF CIVIL CONFRONTATION (1917–1919).....   | 210 |
| <b>Sarsembayeva G.A., Zhailaubayeva A.N., Ualtayeva A.</b> SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES IN THE CITIES OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 90s OF THE XXth CENTURY (BASED ON THE EXAMPLE OF UST-KAMENOGORSK AND SEMIPALATINSK).....               | 225 |
| <b>Sissenbayeva A., Kalybekova M.Ch., Abuov N.A.</b> KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN NAZI CONCENTRATION CAMPS DURING THE SECOND WORLD WAR: POSSIBILITIES FOR RECONSTRUCTING INDIVIDUAL FATES ON THE BASIS OF ARCHIVAL CARD FILES..... | 240 |
| <b>Teleuova E.T., Zhumadil A.K.</b> THE FORMATION PATTERNS OF A HYBRID LEGAL MODEL IN THE 19TH CENTURY KAZAKH STEPPE.....   | 255 |

## ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

|  |     |
|--|-----|
| <b>Assylbekova N., Kistaubayeva A., Dospanov O.</b> KAZAKH ETHNOGRAPHIC COLLECTIONS OF THE KUNSTKAMERA: A MUSEOLOGICAL ANALYSIS.....           | 269 |
| <b>Musabayev K., Sizzdikov B., Maldybek A.</b> THE LOCALIZATION OF THE MEDIEVAL CITY OF SURI: BASED ON WRITTEN AND ARCHAEOLOGICAL SOURCES..... | 281 |

## МАЗМҰНЫ

### ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

|   |           |
|---|-----------|
| <b>Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жұмашев А.М. ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДОГМАЛАРДАН ЭМПИРИКАЛЫҚ СИНТЕЗГЕ: АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....</b> | <b>7</b>  |
| <b>Калфа М., Қожахан Ж., Бейсеғұлова А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕРІ ӨНДЕУ КӘСІБІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....</b>  | <b>23</b> |
| <b>Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ БЕЙНЕСІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ.....</b>   | <b>36</b> |

### ТАРИХ

|  |            |
|--|------------|
| <b>Алдажұманов Қ.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. ТҮТҚЫНҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР, ПАРТИЗАН ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....</b>   | <b>46</b>  |
| <b>Барын Е., Сатаева Б. ТАРИХИ ДИСКУРСТАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ КОНСТРУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІ.....</b>   | <b>62</b>  |
| <b>Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И. ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....</b>   | <b>79</b>  |
| <b>Жолдасұлы Т., Маделханова М. «ҚОСШЫ» ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ: АРХИВТІК МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ (1920–1929 жж.).....</b>  | <b>95</b>  |
| <b>Касымбекова М.Ә., Вежихи С.Ф.Х. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА СОПЫЛЫҚ ТАРИҚАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ.....</b>   | <b>110</b> |
| <b>Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М. 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС БЕЛАРУСЬ ПЕН БАТЫС УКРАИНАДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ.....</b>  | <b>124</b> |
| <b>Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушқурбаева А.Е. ТӘЖІКСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ: ТУЫЛУ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМ КӨРСЕТКІШІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР (1990–2023).....</b>   | <b>138</b> |
| <b>Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М. АУЫЛ БАЙЛАРЫ: БУЛАЕВ АУДАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРУ САЯСАТЫ.....</b>   | <b>154</b> |
| <b>Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж. ХАНЬ ДИНАСТИЯСЫ МЕН ҒҰНДАРДЫҢ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ.....</b>  | <b>168</b> |
| <b>Мұхатова О.Х., Сеффат Д. XVII Ғ. СОҢЫ – XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....</b>  | <b>181</b> |
| <b>Мырзабекова Р., Жақупова Г., Байхоразова З. ҚАЗАҚ КСР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ ЖАПОН СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ МЫСАЛЫНДА (1946–1956).....</b>   | <b>194</b> |
| <b>Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Әбіл Е.А. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1917–1919 жж.).....</b>   | <b>210</b> |
| <b>Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 90–Ы ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК–ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР (ӨСКЕМЕН МЕН СЕМЕЙ МЫСАЛЫНДА).....</b>                                     | <b>225</b> |
| <b>Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР: АРХИВТІК КАРТОТЕКАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....</b> | <b>240</b> |
| <b>Телеуова Э.Т., Жұмаділ А.Қ. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ГИБРИДТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЛГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.....</b>  | <b>255</b> |

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

|  |            |
|--|------------|
| <b>Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КУНСТКАМЕРАДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ: МУЗЕЙТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....</b>            | <b>269</b> |
| <b>Мұсабаев Қ., Сиздиқов Б., Малдыбек А. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СУРИ ҚАЛАСЫНЫҢ ЛОКАЛИЗАЦИЯСЫ: ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ.....</b> | <b>281</b> |

## СОДЕРЖАНИЕ ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

|   |           |
|---|-----------|
| <b>Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. «ОТ ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ ДОГМ К ЭМПИРИЧЕСКОМУ СИНТЕЗУ: ЭВОЛЮЦИЯ СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ПОЛИТЭКОНОМИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ».....</b> | <b>7</b>  |
| <b>Калфа М., Кожахан Ж., Бейсегулова А. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ КОЖЕВЕННОГО ремесла КАЗАХСКОГО НАРОДА.....</b>   | <b>23</b> |
| <b>Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ОБРАЗ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ».....</b>  | <b>36</b> |

### ИСТОРИЯ

|  |            |
|--|------------|
| <b>Алдажуманов К.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. КАЗАХСТАНЦЫ В ПЛЕНУ, ПАРТИЗАНСКОМ ДВИЖЕНИИ И ЕВРОПЕЙСКОМ СОПРОТИВЛЕНИИ.....</b>   | <b>46</b>  |
| <b>Барын Е., Сагаева Б. КУЛЬТУРА И ЯЗЫК КАК КОНСТРУКТИВНЫЕ ФАКТОРЫ ИСТОРИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....</b>   | <b>62</b>  |
| <b>Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И. БАСМАЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В СРЕДНЕЙ АЗИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ.....</b>  | <b>79</b>  |
| <b>Жолдасулы Т., Маделханова М. СОЮЗ «КОШЧИ» И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ РЕГИОНЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ (1920–1929 гг.).....</b>  | <b>95</b>  |
| <b>Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х. СОЦИАЛЬНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СУФИЙСКИХ ОРДЕНОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....</b>   | <b>110</b> |
| <b>Кокебаева Г.К., Бисембайулы М. ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ И ЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЗАПАДНОЙ БЕЛАРУСИ И ЗАПАДНОЙ УКРАИНЕ В 1940-х ГОДАХ.....</b>  | <b>124</b> |
| <b>Куанбай О.Б., Апендиев Т.А., Ушкурбаева А.Е. ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ ДИНАМИКА ТАДЖИКИСТАНА: РОЖДАЕМОСТЬ, СМЕРТНОСТЬ, ТЕНДЕНЦИИ И ПРОГНОЗЫ (1990–2023 ГГ.).....</b>  | <b>138</b> |
| <b>Маликова С.З., Ташагыл А., Исакаева А.М. АУЛЬНЫЕ БАИ: ПОЛИТИКА КОНФИСКАЦИИ И ВЫСЕЛЕНИЕ ПРОВЕДЕННАЯ В БУЛАЕВСКОМ РАЙОНЕ.....</b>   | <b>154</b> |
| <b>Мукаметханулы Н., Курбанали Ж. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДИНАСТИИ ХАНЬ И ХУННУ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЦИВИЛИЗАЦИЮ КОЧЕВНИКОВ.....</b>   | <b>168</b> |
| <b>Мухатова О.Х., Сеффат Д. КАЗАХСКО – РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVII – НАЧАЛА XVIII ВВ.....</b>   | <b>181</b> |
| <b>Мырзабекова Р., Жакупова Г., Рахмонкулова З. СИСТЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ТРУДА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР НА ПРИМЕРЕ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ (1946–1956 гг.).....</b>                                 | <b>194</b> |
| <b>Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Абиля Е.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА В ГОДЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (1917–1919 гг.).....</b>  | <b>210</b> |
| <b>Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ГОРОДАХ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 90-е ГОДЫ XX ВЕКА (НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА И СЕМИПАЛАТИНСКА).....</b> | <b>225</b> |
| <b>Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ В КОНЦЛАГЕРЯХ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ВОЗМОЖНОСТИ РЕКОНСТРУКЦИИ СУДЕБ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ КАРТОТЕК.....</b>                   | <b>240</b> |
| <b>Телеуова Э.Т., Жумадил А.К. ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБРИДНОЙ ПРАВОВОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XIX ВЕКЕ.....</b>   | <b>255</b> |

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

|   |            |
|---|------------|
| <b>Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КАЗАХСКИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ КОЛЛЕКЦИИ КУНСТКАМЕРЫ: МУЗЕЕВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....</b>                 | <b>269</b> |
| <b>Мусабаев К., Сиздиков Б., Малдыбек А. ЛОКАЛИЗАЦИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДА СУРИ: НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ СВИДЕТЕЛЬСТВ.....</b> | <b>281</b> |

**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”**

2026. 13 (1)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй